

---

---

## ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

---

Т.Н.ЕРМЕКОВА

### ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӘЛЕМДЕСУ ЭТИКЕТИНЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

В статье рассматриваются языковые единицы, выражающие этикет приветствия (ЯЕЭП) в тюркских языках, как лингвокультурологический код с коммуникативно-прагматическим грузом, отражающие национальные познания и национально-культурное бытие разных этносов с точки зрения их мировоззрения. Сравнительный анализ ЯЕЭП в тюркских языках показывает, что общий культурологический констант определяет национальные образы картины мира.

*Makalede Türk lehçelerinde kullanılan ve görgü tipinde selamlamasını ifade eden dil birimleri açıklanmaktadır bu birimler çeşitli halkların milli ve kültür hayatının aksedilen iletişim ve sosyal ilişkilerinin anlatımı içermektedir. Türk lehçelerin mukayesesi gösteriyor ki ortak kültür değişmezliği milli dünyaya görüşlenip belirtmektedir.*

Қазіргі тіл білімінің антропологиялық парадигмага көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" уштігіне сүйенетін зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Сондықтан да тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының біріне айналды. Содан болу керек, қазіргі зерттеулерде сырт қараганда екі түрлі семиотикалық жүйеде танылатын тіл мен мәдениет бірін-бірі толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Тілді сол ұлттың мәдениетімен бірліктегі қарастыру арқылы лингвистер тілтаным ғылымының шеңберінен шығып, ұлттаным деңгейіндегі құнды дүниелерге қол жеткізе бастады. Бір ұлттың мәдениеті оқырман мен тыңдарманға оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады. Ойткені тіл – мәдениеттің қайнар көзі, тіл арқылы екінші ұлттың мәдениетінен хабардар боламыз. Тіл ұлт мәдениетіндегі негізгі ақпаратты сақтап, жинақтайды және оны таратады.

Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бұғынгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселеесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындағы зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік түрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 5, 2011**

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен бірге этикетті коммуникемдер, әсіресе сөлемдесу, қоштасуға байланысты коммуникемдер жатады. Себебі ұлт тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Осымен байланысты қазіргі заманда мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі де алға шыға бастады. Бір халықпен екінші халықтың сөлемдесуіне байланысты коммуникемдерді зерттеу арқылы әр халықтың танымы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрінен мәлімет алыш қана қоймай, өз халықтың артықшылықтарын да тани түсесің.

Әр халықтың сез қолданысын салыстыру арқылы мәдениетаралық коммуникацияға бет бұры мәселесі кейінгі уақытта ғана қолға алына бастағандықтан, әлі де болса шешімін таппаған мәселелер баршылық. Осындай тың, қын, өзекті мәселелердің бірі – сөлемдесу этикетіне қатысты коммуникемдерді кешенді түрде лингвомәдени және лингвокогнитивтік түрғыдан салыстыра зерттеу.

Бір халық пен екінші халықтың қарым-қатынас жасау әрекеті сол халықтың коммуникативтік нормасын байқатады. Коммуникативтік норма – топтағы жиналған адамның қарым-қатынастағы салтының жиынтығы. Галымдар коммуникативтік тәртіптің үш түрін көрсетеді: ұлттық, топтық жекелік. Қазіргі лингвистиканың, дәлірек айтсақ, мәдениетаралық коммуникация төнірегіндегі зерттеушілердің басты міндеті – коммуникативті халықтық мәдениеті түрғысынан көріп, ғылыми көзқарас қалыптастыру.

Сөлемдесу этикеті әр халықтың қарым-қатынас жасаудағы ерекшелігі болып саналады. Сөлемдесу этикетіне байланысты қалыптасқан тілдік бірліктерді «коммуникемдер» терминімен атау ұсынылды. Ұлт мәселе ұндыевропа тілдерінде жақсы зерттелгенімен, түркі тілдерінде бұған қатысты зерттеу тапши. Зерттеуші Ж. Ибраимова қазақ тіліндегі коммуникемдерді 9 топқа белгілі қарастырады [1]. Зерттеушінің осы саладағы алғашқы сәтті қадамын күптай отырып, аталаған коммуникемдерді 3 топқа топтастырып қарауга болады деп ойлаймыз:

1. Этикетті коммуникемдер;
2. Эмоционалды-багалау коммуникемдері;
3. Мәтін түзуші коммуникемдер.

Зерттеуші көрсеткен коммуникемдердің өзге түрлерін осы аталаған үш топтың аясында қарастыруға болады. Сөйлеу этикеті – халық мәдениетінің қажетті элементі. Сөйлеу этикеттің мәдениеттің құрылымды белгі болып табылады. Сөйлеу мәдениетінің айтылуында әр дәуірдің әлеуметтік қатынастары жинақталған. Ұлттық мәдениеттің элементі ретінде сөйлеу этикетті ұлттық өзгешелігімен ерекшеленеді. Айталық қытайлықтардың

## Т.Н.Ермекова. Түркі тілдеріндегі сәлемдесу этикетіне қатысты...

«тамақтанып ұлгердің бе?» деп амандасуы бұл халықтың ерте түршіп тамақтануы, іле-шала еңбекке араласуымен байланысты туында, монгол халықтарында сәлемдесудің өзгешелігі мезгілге байланысты. Бұл олардың көшпелі өмір салтымен, негізгі көсібі мал шаруашылығымен байланысты болса, екінші жағынан, өздерін табиғаттың бір белшегі санайтын монголдықтар үшін жыл мезгілдерінің де маңызы зор. Сондықтан да бұл халық амандасып, хал-жағдай сұрасуда жыл мезгілдерін қалай өткізіп жатқанын сұрайды: «Мал семіз бе?», күзде: «Күз жақсы етіп жатыр ма?», көктемде: «Көктемді сәтті қарсы алдыңыз ба?», ал қыста: «Қалай қыстап жатырсыз?» деп амандасса, ал жалпы сәлемдесу машиналардың көшпелі өміріне қатысты: «Қалай көштіңіз?», «Малыңыз қалай?» т.б.

Түркі халықтарының сәлемдесуіне байланысты қалыптасқан тілдік бірліктерді функционалдық сипатына қарай: төл коммуникемдер және кірме коммуникемдер; дербес тілдік және ортақ коммуникемдер деп бөліп қарастыруға болады. Сондай-ақ бұл коммуникемдер сәлемдесу жағдаятына (ресми, бейресми), тұрмыс салтына (қонақпен, жолаушымен, егіншімен амандасу) және жас мөлшеріне (кішімен, үлкенмен, құрдаспен амандасу) қарай ажыратылады. Айталық якут тіліндегі *неруен-нергүй коммуникемі* якут тілі үшін төл коммуникем, әрі осы халыққа ғана тән болғандықтан, дербес тілдік коммуникем, дорого коммуникемі – кірме коммуникем.

Мұсылман дініндегі түркі халықтары үшін ортақ сәлемдесу формасы: "Ассалаумағалейкум! (Сізге тыныштық, амандық тілеймін!), оған жауап ретіндегі *Ұагалайкүміссәлем!* (Өзіңізге де соны тілеймін). Бұл мұсылман дінінің басты ұстанымы – бейбітшілік пен тыныштықты қалаудын туындағанын және оның осы дінді ұстанатын халық арасында тараған мәдени кодқа айналғандығын көрсетеді. Бірақ осы амандасу формуласының өзі әр халықта әр түрлі қолданылады. Мысалы, қазақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз халықтарында бұл, негізінен, қол алысу арқылы және ер адамдар арасында қолданылса, татарлар мен башқұрттарда қол алысусыз жүретін амандасу формасына жатады. Бұл амандасу әйелдер арасында қолданылатын халықтар да бар. Ресми жағдайда татар мен башқұрт халықтары «Исәнмесез!», «Хәерлэ кич!», «Хәерлэ иртэ!» коммуникемдерін қолданады. Бұл сәлемдесу формуласы қазақ, қырғыздағы «Сәлеметсіз бе!», «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!» сияқты коммуникацияға түсушілер арасында белгілі бір этикеттік қашықтық (дистанция) жағдайында және қол алысусыз жүргізіледі. Ал осы сәлемдесулер, сондай-ақ «Нихәл?», «Саумысыз?» формулалары жақын адамдардың арасында қол алысу арқылы жүреді. ([www0.disput.az/index.php?showtopic=140952](http://www0.disput.az/index.php?showtopic=140952))

Чуваш тіліндегі этикетті сәлемдесуді зерттеуші В.А.Кузнецов амандасудың акционалды (әрекеттер: қол алысу, бас киімін шешу, қолын кеудесіне қою, құшактасу т.т.), кинетикалық (ишарат), мимикалық (кулімсіреу, қасын көтеру т.т), интонацияны құбылту сияқты әр түрлі бейвербалды амалдармен қабат жүретінін көрсетеді [2].

## ТУРКОЛОГИЯ, № 5, 2011

Қарашай-балқар тіліндегі сәлемдесуді француз, орыс тілдерімен салыстыра зерттеген Ф.А. Тамбиева бұл тілде сәлемдесудің үш түрі болатынын көрсетеді: 1) ерлер арасында, 2) ерекек пен әйел арасында және 3) әйелдер арасында [3].

*Эрттен ахыы болсун! Кюн ахыы болсун! Танг ахыы болсун! (Таң жақсы болсын!)* Таң жақсы болсын! коммуникемінің қолданылуын осы тілдегі сәлемдесу формасын ағылшын, орыс тілдерімен салыстыра қарастырған А.Чаушев қарашай халқының ерте тұрып, еңбекке араласуымен түсіндіреді және бұл сәлемдесудің тек әйелдерге арналатынын, ал әйелдер оған «Ахшылық көр!» формасымен жауап беретінін айтады. Зерттеуші сондай-ақ жасы мен әлеуметтік жағдайына байланыссыз жиі қолданылатын «Салам!» коммуникемін қарашай-балқарлар күніне неше рет кездессе, сонша рет айтататыны туралы қызықты мәлімет келтіреді. Бұл аталған этностың қарым-қатынастағы ынтымағын, бір-біріне жақсы тілегін аямайтындығын көрсетеді [4].

Чуваш тіліндегі Ыра кун! (Қайырлы күн!), Ыра кас! (Қайырлы кеш!), Ыра сунса кётеппёр! (Қош келдіңіз!) Силам! (Сәлем!) Ыра кун пултар! (Қайырлы күн болсын!) коммуникемдері мен якут тіліндегі : Утуе сарсыарда! (Қайырлы тан!) Утуе кун! (Қайырлы күн!) Утуе киъз! (Қайырлы кеш!) коммуникемдері алғашқы компоненттері. Амандаусың бұл түрі радио мен теледидар дикторларының тілінде жиі қолданылатынын айтады. Ал сахалардың нағыз амандасу үлгілері *неруен-нергүй*, әдәрдә қазіргі кезде қолданыстан мұлде шығып бара жатқанын көрсетеді. Бұл тілде қазір қолданылатын *кәпсіә* сөзі *баяндаңыз, сөйлеңіз* мәніндегі императивті тілекті білдіреді (түбірі кеп - сөз, сөйлеу, салыстырыңыз: өзбек: гап, үйғыр: гәп). Ал экстравистикалық фактордың әсерінен, орыс халқымен үнемі байланыста болу нәтижесінде қалыптасқан *Дорообо* (орыс тіліндегі *здравово сөзінен алғынған*) коммуникемі де қазіргі сахалар тілінде кездеседі. Қазіргі түркі тілдерінде жиі қолданылатын сәлемдесу коммуникемдері ретінде төмөнделгілерді атауга болады:

**Башқұрт: Хәйерле кен! Хәйерле иртә! Хәйерле кис!**

**Татар: Исәнмесез! Хәрлә кич! Хәрлә иртә!**

**Гагауз: Gun aydim!**

**Қырғыз: Salaamatszbe!**

**Түрік: Merhaba! Gun aydin!**

**Өзбек: Salaam aleikhem!**

Жалпы түркі тілдерінде ортақ, бірақ фонетикалық ерекшеліктері бар сәлемдесу коммуникемдері: *Ассаламағалейкүм!* Сәлем! Қайырлы күн! Қайырлы таң! Қайырлы кеш!

Ал *Сәлеметсіз бе!* Мерхаба (қазақ тіліндегі мәні: мархабат)! араб тілінен енген. Бұл жерде *Сәлеметсіз бе!* Сәлем! коммуникемдері *Ассаламағалейкүм!* коммуникемінің ықшамдалуы нәтижесінде қалыптасқан. Бұл коммуникемдер бұрынғы қазақтың амандасын жөн сұрасуында жиі қолданылған, негізгі

## Т.Н.Ермекова. Түркі тілдеріндегі сәлемдесу этикетіне қатысты...

тіршілігі малмен байланысты болған халқымызға тән «Мал-жан аман ба!» қолданысын ығыстырып келеді.

«Сөз атасы – сәлем» дейтін халқымыздың сәлемдесу сөздерін қолданудың, жұмсаудың өзіндік қалыптасқан жүйесі бар. Жалпы, қазақ сөйлеу этикетіне тән сәлемдесу коммуникемдері де езге түркі халықтарындағы секілді қарым-қатынас типтеріне қарай ажыратылды:

Сәлемдесу типтері	Қарым-қатынас типтері	Қосымша акпараттар
Сәлеметсіз бе? Сәлемет пе? Сәлеметсіздер ме?	Улken мен кіші, реңми қарым-қатынас	Ізет көрсету
- Амансыз ба? - Ат-көлік аман ба? -Мал-жан аман ба?	Улкендер, ауыл адамдары	Жағдай сұрасу
Ассалаумагалейкум/ Үагалейкумассалам! (Салаумалейкум/ Әліксалам!)	жасы кіші жасы үлкенге, бейресми; ер адамдар	Күрметтеу нышанын байқату
-Салаумалейкум!/ Әліксалам)	жас шамасы қатар; бейресми; ер адамдар	Амандасу
Сәлем!	Қатар құрбылар, бейресми	Амандасу

Сонымен сәлемдесу сөздері қалыпты қарым-қатынасқа, уақыт ынғайына, адресат пен адресанттың жынысына, жасына, олардың қалалық немесе ауылдық жерде тұруына т.б. байланысты.

Корыта келгенде, түркі тілдеріндегі сәлемдесу коммуникемдері әмбебап сипатымен ерекшеленеді. Сәлемдесу коммуникемдері социумдардың барлық қабаттарында қолданыла отырып, адамдар арасындағы иерархиялық қатынасты білдіруде маңызды роль аткарады. Бұл иерархия үлкен мен кішнің, қатар-құрбының арасындағы коммуникативтік этикет пен гендерлік сипаты арқылы ажыратылады. Әр түрлі коммуникативтік мәдениет өкілдері болғанымен, түркі халықтарының сәлемдесу этикетінде ортақ жайттар көп. Сәлемдесуде қолданылатын ортақ тілдік бірліктермен бірге айырмашылықтардың да болуы дүниенің тілдік бейнесінің этнос танымындағы спецификалық ерекшеліктерін көрсетеді, әрі бұл бірліктер тұлғааралық коммуникациядағы доминант ретінде танылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ибраимова Ж. Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сейлемдер. Караганды, 2008.
2. Кузнецов А. В. Вербальные средства этикетного общения в чувашском языке (Опыт компаративного, контрастивного и этнолингвокультурологического изучения): Дис. ... канд. филол. наук. 10.02.20. Чебоксары, 2004, 201 с. РГБ ОД, 61:04-10/989.

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 5, 2011**

---

3. Тамбиева Ф.А. Приветствие как коммуникативная ситуация во французском, русском и карачаево-балкарском языках. Пятигорск, 2004.
4. Чапшев А. Этноспецифика форм приветствия в карачаево-балкарской, русской и английской коммуникативных культурах. Волгоград, 2008.

### **REZUME**

**T.N.ERMEKOVA (Almaty)**  
**LANGUAGE UNITS EXPRESSING GREETING ETIQUETTE IN TURKIC**  
**LANGUAGES**

The article deals with the language units expressing greeting etiquette in Turkic languages, as lingua-cultural code with communicatively-pragmatical the cargo, reflecting national knowledge and national-cultural life of different ethnoses from the point of world outlook. Comparative analysis of the language units expressing greeting etiquette in Turkic languages shows that the general culturological constants defines national images of a picture of the world.